Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Педагогика факультеті
Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы

Бекітемін
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университетінің қабылдау
комиссиясының төрағасы
_____ Н.Х.Сергалиев
_____ 2026 ж.

В004 Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарлама тобы бойынша шығармашылық емтихан БАҒДАРЛАМАСЫ

Орал – 2026

В004 Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарлама тобы бойынша шығармашылық емтихан бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес даярланды.

Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасы отырысында қарастырылды.
№ __ хаттама «____ » _____ 2026 ж.
ББББ жетекшісі _____ Бахтиярова С.Ж.

Педагогика факультет кеңесінің отырысында қарастырылды және бекітілді.
Хаттама № ____ _____ 2026 ж.
Факультет кеңесінің төрағасы:_____Ергалиева Г.А.

1. Жалпы ережелер

1. Шығармашылық емтихандарды өткізу «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес әзірленген және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін анықтайды.

2.Шығармашылық емтихандардың мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің болуын және шығармашылық бағыттағы кәсіпті игерудің жеке алғышарттарын тексеру болып табылады.

3. Шығармашылық емтихандарды жоғары оқу орындарының пәндік комиссиялары өткізеді.

4. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

5. Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

6. Талапкерлердің шығармашылық мамандықтарға өтініштерін қабылдау олар таңдаған жоғары оқу орындарының орналасқан жері бойынша жүзеге асырылады.

7. Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін пәндік комиссиялар құрылады, олардың құрамы ректордың бұйрығымен бекітіледі

8. Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннің атауы, өткізілетін күні, уақыты мен орны, консультациялар, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттарды қабылдау басталғаннан кешіктірмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

9. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

10. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылықемтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

2. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

11. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аудиторияға (спорт залдарына, стадионға) жіберуді және осы қағидаларды сақтауды қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы және оның орынбасары, емтихандарды өткізуге тартылған арнайы кезекшілер, техникалық хатшылар қамтамасыз етеді.

12. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде аудиторияда (спорт залдары, стадион) бөгде адамдардың болуына жол берілмейді.

13. Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде болуы керек. Талапкерді шығармашылық емтиханға жіберу емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын жүргізіледі.

14. Талапкерді шығармашылық емтихан өткізуге жіберу жеке басын куәландыратын құжатты және құжаттарды қабылдау туралы қолхатты көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

15. Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде шығармашылық емтихан бағдарламасына кіретін спорт түрлері бойынша спорттық жарыстарға қойылатын талаптарда көзделген бұзушылықтарға, орыннан орынға ауысуға, бағдарламада көзделмеген дене жаттығуларын орындауға, дене жаттығуларын басқа қозғалыс әрекеттерімен ауыстыруға, көмек пен сақтандыруды пайдалануға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіруге, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттер, мобильді байланыс құралдарын енгізуге жол берілмейді.

16. Шығармашылық емтихандарда спорттық жарыстардың ережелеріне сәйкес жағдай қамтамасыз етіледі, талапкерлерге қозғалыс дағдылары мен дағдыларының деңгейін барынша толық көрсетуге мүмкіндік беріледі.

17. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлер мен оларды өткізуге тартылатын ЖОО қызметкерлеріне өздерімен бірге байланыс құралдарын алып жүруге және пайдалануға, шығармашылық емтихандар бағдарламасында көзделген қозғалыс әрекеттерін орындау кезінде сақтандыру мен практикалық көмек көрсетуге жол берілмейді.

18. Шығармашылық емтихан басталғаннан кейін талапкерлерге дене жаттығуларын орындау техникасы, қауіпсіздік сақтау техникасы, спорттық іс-шараларды өткізу ережелері түсіндіріледі, спорттық нәтижелерді ресімдеу ережелері мен шарттары түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтиханның басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялау және апелляция өткізу уақыты мен орны көрсетіледі.

19. Шығармашылық емтихандарды өткізу кезінде талапкерлер келесі талаптарды сақтайды:

1) тыныштықты сақтайды және өз бетінше жұмыс істейді, емтихан алушылармен және басқа талапкерлермен сөйлеспейді;

2) спорт залында, спорт стадионында, аудиторияда жүрмейді, басқа талапкерлермен спорттық тапсырмаларды орындау тәртібін өзгертпейді, басқа орынға ауыспайды;

3) шығармашылық емтихан аяқталғанға дейін емтихан алушының рұқсатынсыз емтихан спорт ғимаратынан (спорт залы, стадион) шықпайды.

20. Ережені бұзғаны үшін талапкер шығармашылық емтиханнан шығарылады. Бұл ретте емтихан жұмысының титулдық парағында емтихан алушылардың қолдарымен расталған жою себебі туралы жазба жасалады. Осы спорттық нәтижелер, жұмыс нәтижелері әңгімелесу кезінде жойылады.

21. Талапкер кешіктірілген немесе оның емтиханға дәлелді себептермен келмеген жағдайда, ол жазбаша өтініш пен шығармашылық емтиханды өткізіп алудың дәлелді себебін растайтын құжатты ұсыну негізінде ректордың рұқсаты бойынша бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта шығармашылық емтиханға жіберіледі.

Шығармашылық емтиханды өткізіп жіберудің дәлелді себебі:

1) талапкердің ауруы (емдеу мекемесінің мөрімен расталған емдеу мекемесінен ауру туралы анықтаманы ұсынумен расталады);

2) төтенше жағдай, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (төтенше жағдай немесе жол-көлік оқиғасы фактісін тіркеген мемлекеттік ұйымның анықтамасын ұсынумен расталады);

3) жақын туыстарының (ата-аналары, жұбайлары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі) қайтыс болуы (анықтамамен расталады);

4) спорт түрлері бойынша Батыс Қазақстан облысының және Қазақстан Республикасының Ұлттық құрамаларының құрамында ресми халықаралық және республикалық жарыстарға қатысу.

22. Дәлелді себептермен шығармашылық емтиханға келмеген талапкерлерге қосымша белгіленген күні шығармашылық емтихандарды өткізу мерзімінен кешіктірілмей жіберіледі.

23. Дәлелді себепсіз шығармашылық емтихандарға келмеген талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

24. Шығармашылық емтихандарға қайта қатысуға және қайта тапсыруға жол берілмейді.

25. Спорттық нормативтердің (емтихан жұмыстарының) орындалуын тексеру ЖОО-ның қабырғасында ғана жүргізіледі.

26. Шығармашылық жұмыстарды тек пәндік комиссия мүшелері тексереді.

27. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосімен және пәндік комиссияның хаттамасымен еркін нысанда ресімделеді.

28. Тексерілген спорттық нәтижелер (жұмыстар), бағалау ведомостары және тексерілген емтихан алушылардың, пәндік комиссия төрағасының бағалары мен қолдары

қойылған хаттамалар нәтижелерді жариялау үшін жауапты хатшыға (оның орынбасарына) беріледі.

29. Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

30. Шығармашылық емтихандарды бағалау кезінде талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және даулы мәселелерді шешу, шығармашылық емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында емтихандарды өткізу кезеңінде әрбір ЖОО-да апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляциялық комиссиялар шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспейтін адамдардың өтініштерін қарау үшін құрылады. Апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ЖОО ректорының бұйрығымен бекітіледі.

31. Апелляцияға өтінішті шығармашылық емтихан тапсырған талапкер апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке өзі береді. Өтініштер шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

32. Апелляциялық комиссия әр талапкермен жеке жұмыс істейді. Талапкер апелляциялық комиссияның отырысына келмеген жағдайда оның апелляцияға берген өтініші қаралмайды.

33. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға мен Комиссияның барлық мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

3. Шығармашылық емтихандардың нысандары мен мазмұны

ББББ атауы	**Бірінші шығармашылық емтихан**	**Екінші шығармашылық емтихан**
В004 Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША НОРМАТИВТЕР	СПОРТ ОЙЫНДАРЫ

Бірінші шығармашылық емтихан – «Спорт түрлері бойынша нормативтер» В004 «Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалар тобы бойынша.

1. Міндетті жаттығулар
Жүгіру 3000м. (ұлдар)

№	Өлшем бірлігі	Сынақ баллы
1	11 мин.00 сек.- 11 мин.10 сек.	20
2	11 мин.11 сек.- 11 мин.20 сек.	19
3	11 мин.21 сек.- 11 мин.30 сек.	18
4	11 мин.31 сек.- 11 мин.40 сек.	17
5	11 мин.41 сек.- 11 мин.50 сек.	16
6	11 мин.51 сек.- 12 мин.00 сек.	15
7	12 мин.01 сек.- 12 мин.10 сек.	14
8	12 мин.11 сек.- 12 мин.20 сек.	13
9	12 мин.21 сек.- 12 мин.30 сек.	12
10	12 мин.31 сек.- 12 мин.40 сек.	11
11	12 мин.41 сек.- 12 мин.50 сек.	10
12	12 мин.51 сек.- 13 мин.00 сек.	9

13	13 мин.01 сек.- 13 мин.10 сек.	8
14	13 мин.11 сек.- 13 мин.20 сек.	7
15	13 мин.21 сек.- 13 мин.30 сек.	6
16	13 мин.31 сек.- 13 мин.40 сек.	5
17	13 мин.41 сек.- 13 мин.50 сек.	4
18	13 мин.51 сек.- 14 мин.00 сек.	3
19	14 мин.01 сек.- 14 мин.10 сек.	2
20	14 мин.11 сек.- 14 мин.20 сек.	1

Кермеге тартылу (ұлдар)

№	Саны	Сынақ баллы
1	16	15
2	15	14
3	14	13
4	13	12
5	12	11
6	11	10
7	10	9
8	9	8
9	8	7
10	7	6
11	6	5
12	5	4
13	4	3
14	3	2
15	2	1

2.

Таңдау жаттығулары

Жүгіру 100 м. (ұлдар)

№	Өлшем бірлігі (сек)	Сынақ баллы
1	13,0- 13,4	15
2	13,5-12,3	14
3	14,0-14,4	13
4	14,5-14,9	12
5	15,0-15,4	11
6	15,5-15,9	10
7	16,0-16,4	9
8	16,5-16,9	8
9	17,0-17,4	7
10	17,5-17,9	6
11	18,0-18,4	5
12	18,5-18,9	4
13	19,0-19,4	3
14	19,5-19,9	2
15	20,0-20,4	1

Тұрған орнынан ұзындыққа секіру (ұлдар)

№	Өлшем бірлігі	Сынақ баллы
1	270-265 см	15
2	264-259 см	14

3	258-253 см	13
4	254-249 см	12
5	248-243 см	11
6	242-237 см	10
7	236-231 см	9
8	230-225 см	8
9	224-219 см	7
10	218-213 см	6
11	212-207 см	5
12	206-201 см	4
13	200-195 см	3
14	194-189 см	2
15	188-183 см	1

Міндетті жаттығулар

Жүгіру 1000 м. (қыздар)

№	Өлшем бірлігі	Сынақ баллы
1	03 мин.30 сек.- 03 мин.40 сек.	20
2	03 мин.41 сек.- 03 мин.50 сек.	19
3	03 мин.51 сек.- 04 мин.00 сек.	18
4	04 мин.01 сек.- 04 мин.10 сек.	17
5	04 мин.11 сек.- 04 мин.20 сек.	16
6	04 мин.21 сек.- 04 мин.30 сек.	15
7	04 мин.31 сек.- 04 мин.40 сек.	14
8	04 мин.41 сек.- 04 мин.50 сек.	13
9	04 мин.51 сек.- 05 мин.00 сек.	12
10	05 мин.01 сек.- 05 мин.10 сек.	11
11	05 мин.11 сек.- 05 мин.20 сек.	10
12	05 мин.21 сек.- 05 мин.30 сек.	9
13	05 мин.31 сек.- 05 мин.40 сек.	8
14	05 мин.41 сек.- 05 мин.50 сек.	7
15	05 мин.51 сек.- 06 мин.00 сек.	6
16	06 мин.01 сек.- 06 мин.10 сек.	5
17	06 мин.11 сек.- 06 мин.20 сек.	4
18	06 мин.21 сек.- 06 мин.30 сек.	3
19	06 мин.31 сек.- 06 мин.40 сек.	2
20	06 мин.41 сек.- 06 мин.50 сек.	1

Арқада жатып кеудесін көтеру (қыздар)

№	Саны	Сынақ баллы
1	50	15
2	47	14
3	44	13
4	41	12
5	38	11
6	35	10
7	32	9
8	29	8
9	26	7
10	23	6
11	20	5
12	17	4

13	14	3
14	11	2
15	8	1

2. Таңдау жаттығулары
Жүгіру 100 м (қыздар)

№	Өлшем бірлігі (сек)	Сынақ баллы
1	15,0- 15,4	15
2	15,5-15,9	14
3	16,0-16,4	13
4	16,5-16,9	12
5	17,0-17,4	11
6	17,5-17,9	10
7	18,0-18,4	9
8	18,5-18,9	8
9	19,0-19,4	7
10	19,5-19,9	6
11	20,0-20,4	5
12	20,5-20,9	4
13	21,0-21,4	3
14	21,5-21,9	2
15	22,0-22,4	1

Тұрған орнынан ұзындыққа секіру (қыздар)

№	Өлшем бірлігі	Сынақ баллы
1	210-205см	15
2	204-199 см	14
3	198-193 см	13
4	192-187 см	12
5	186-181 см	11
6	180-175 см	10
7	174-169 см	9
8	168-163 см	8
9	162-157 см	7
10	156-151 см	6
11	150-145 см	5
12	144-139 см	4
13	138-133 см	3
14	132-127 см	2
15	126-121 см	1

Максималды саны – 50 балл.
Минималды саны – 5 балл
Екінші шығармашылық емтихан - СПОРТ ОЙЫНДАРЫ В004 Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау білім беру бағдарламасы бойынша

ВОЛЕЙБОЛ.
1. 1 метр диаметрдегі шеңбер бойымен, допты жоғары қағып беру, биіктігі -2метр немесе одан жоғары. (допты 10 рет беруден 1 рет еркін жөндеуге мүмкіндігі беріледі. Тапсырманы орындау кезінде, шеңбер сызығын басуға болмайды)

Ұлдар/Қыздар:

№	Саны	Сынақ баллы
1	15	15
2	14	14
3	13	13
4	12	12
5	11	11
6	10	10
7	9	9
8	8	8
9	7	7
10	6	6
11	5	5
12	4	4
13	3	3
14	2	2
15	1	1

2. Диаметрі 1 мерт шеңберді, 2 метр биіктікке қойып нұсқаушының тапсырмасымен допты жоғарыдан қағып өткізу.(10-нан) Біріншіден,допты жоғарыдан беру, екіншіден шеңберден допты өткізу. (Бір еркін беруге мүмкіндік беріледі, доп шеңбер доғасынана өткен жағдайда есептелінеді. Содай-ақ, допты беру кезінде айып сызығын басуға болмайды).

Ұлдар/Қыздар:

№	Саны	Сынақ баллы
1	20	20
2	19	19
3	18	18
4	17	17
5	16	16
6	15	15
7	14	14
8	13	13
9	12	12
10	11	11
11	10	10
12	9	9
13	8	8
14	7	7
15	6	6
16	5	5
17	4	4
18	3	3
19	2	2
20	1	1

3. Берілген аймаққа допты жоғарыдан тік беру (подача). (5 рет доп беру) (Бір еркін лақтыруға мүмкіндік беріледі, оқытушыдан бір метр диаметрде түскен доп есептеледі).

Ұлдар/Қыздар:

№	Саны	Сынақ баллы
1	5	15
2	4	11
3	3	7
4	2	3
5	1	1

Максималды саны – 50 балл.
Минималды саны – 5 балл

БАСКЕТБОЛ.

1. Нормативтерді орындау:

Бастапқы позициядан, алаңның бұрышында тұрып, барлық үш айналымды (орталық және екі көмекші) допты алып жүру және барлық үш шеңберді доппен өту орындалады. Допты қарама-қарсы сақиналарға екі рет лақтыру арқылы (допты сақинаға тигізбестен лақтырыңыз). Уақыт қозғалыс басталған сәттен бастап есептеледі және екінші сақинаға соғылған сәтте тоқтайды. Осы элементтердің орындалу техникасы ескеріледі.

Ұлдар	**Қыздар**
17 сек -15 балл	19 сек- 15 балл
18 сек -14 балл	20 сек- 14 балл
19 сек -13 балл	21 сек- 13 балл
20 сек -12 балл	22 сек- 12 балл
21 сек -11 балл	23 сек- 11 балл
22 сек -10 балл	24 сек- 10 балл
23 сек -9 балл	25 сек- 9 балл
24 сек -8 балл	26 сек- 8 балл
25 сек -7 балл	27 сек- 7 балл
26 сек -6 балл	28 сек- 6 балл
27 сек -5 балл	29 сек- 5 балл
28 сек -4 балл	30 сек- 4 балл
29 сек -3 балл	31 сек- 3 балл
30 сек -2 балл	32 сек- 2 балл
31 сек -1 балл	ек- 1 балл

2. Айыпты доп лақтыру. (15 рет доп лақтыру)

Бір еркін лақтыруға мүмкіндік беріледі, доп торға түскен жағдайда, лақтыру есепке алынады. Сондай-ақ, доп лақтыру кезінде, айып сызығын баспауы тиіс.

Ұлдар / Қыздар
20 соққы-20 балл
19 соққы-19 балл
18 соққы-18 балл
17 соққы-17 балл
16 соққы-16 балл
15 соққы-15 балл
14 соққы -14 балл
13 соққы -13 балл

12 соққы -12 балл
11 соққы -11 балл
10 соққы -10 балл
9 соққы -9 балл
8 соққы -8 балл
7 соққы -7 балл
6 соққы -6 балл
5 соққы -5 балл
4 соққы -4 балл
3 соққы -3 балл
2 соққы -2 балл
1 соққы -1 балл

3. Біраз уақытқа доппен жүгіру. (1х9, 1х18х1). Алаңда белгіленген белгілерге баскетбол добымен шаттлмен жүгіру. Жаттығуды орындау техникасы ескеріледі.

Ұлдар	**Қыздар**
23 сек- 15 балл	26 сек -15 балл
24 сек -14 балл	27 сек -14 балл
25 сек -13 балл	28 сек -13 балл
26 сек -12 балл	29 сек -12 балл
27 сек -11 балл	30 сек -11 балл
28 сек -10 балл	31 сек -10 балл
29 сек -9 балл	32 сек -9 балл
30 сек -8 балл	33 сек -8 балл
31 сек -7 балл	34 сек -7 балл
32 сек -6 балл	35 сек -6 балл
33 сек -5 балл	36 сек -5 балл
34 сек -4 балл	37 сек -4 балл
35 сек -3 балл	38 сек -3 балл
36 сек -2 балл	39 сек -2 балл
37 сек -1 балл	40 сек -1 балл

Максималды саны – 50 балл.
Минималды саны – 5 балл

ФУТБОЛ.

1. Қақпаға соққы

Жаттығу ФИФА №5 стандартты добымен орындалады. Орындау түрлері: 20 метр қашықтықтан әуе арқылы шағын футбол қақпасына тигізу. Соққы допты аяқ ұшының сыртқы, орта, ішкі бөлігімен және табанның ішкі жағымен соғу арқылы орындалады.

Ұлдар / Қыздар

5 дәл соққы - 15 балл.
4 дәл соққы - 10 балл
3 дәл соққы - 5 балл.
2 дәл соққы - 2 балл

2. Допты аяқпен жонглерлеу (соққы саны)

Жаттығу ФИФА №4 стандартты добы арқылы орындалады. Жаттығу екі аяқпен кезек-кезек доп тебу арқылы орындалады.

Ұлдар/Қыздар:

20 рет - 20 балл;
19 рет - 19 балл;
18 рет - 18 балл;
17 рет - 17 балл;
16 рет - 16 балл;
15 рет - 15 балл;
14 рет – 14 балл;
13 рет – 13 балл;
12 рет - 12 балл;
11 рет – 11 балл;
10 рет - 10 балл;
9 рет – 9 балл;
8 рет – 8 балл;
7 рет – 7 балл;
6 рет – 6 балл;
5 рет – 5 балл;
4 рет – 4 балл;
3 рет – 3 балл;
2 рет – 2 балл;
1 рет – 1 балл.

3. Допты баспен жонглерлеу (соққы саны)
Жаттығу ФИФА №4 стандартты добы арқылы орындалады. Жаттығу баспен доп соғу арқылы орындалады. (Жақшадағы балл көрсеткіші колледж, училище т.б. бітіргендер үшін).
Ұлдар/Қыздар:
15 рет - 15 балл;
14 рет – 14 балл;
13 рет – 13 балл;
12 рет - 10 балл;
11 рет – 11 балл;
10 рет - 15 балл;
9 рет – 9 балл;
8 рет – 8 балл;
7 рет – 7 балл;
6 рет – 6 балл;
5 рет – 5 балл;
4 рет – 4 балл;
3 рет – 3 балл;
2 рет – 2 балл;
1 рет – 1 балл.

Максималды саны – 50 балл.
Минималды саны – 5 балл

<u>Күрес.</u>
Жамбас арқылы лақтыру

Ұлдар
16 сек -16 лақтыру-16 балл
17 сек -15 лақтыру-15 балл
18 сек -14 лақтыру-14 балл
19 сек -13 лақтыру-13 балл

20 сек -12 лақтыру-12 балл
21 сек -11 лақтыру-11 балл
22 сек -10 лақтыру-10 балл
23 сек -9 лақтыру-9 балл
24 сек -8 лақтыру-8 балл
25 сек -7 лақтыру-7 балл
26 сек -6 лақтыру-6 балл
27 сек -5 лақтыру-5 балл
28 сек -4 лақтыру-4 балл
29 сек -3 лақтыру-3 балл
30 сек -2 лақтыру-2 балл
31 сек -1 лақтыру-1 балл

Арқа арқылы лақтыру

Ұлдар
18 сек -18 лақтыру-18 балл
19 сек -17 лақтыру-17 балл
20 сек -16 лақтыру-16 балл
21 сек -15 лақтыру-15 балл
22 сек -14 лақтыру-14 балл
23 сек -13 лақтыру-13 балл
24 сек -12 лақтыру-12 балл
25 сек -11 лақтыру-11 балл
26 сек -10 лақтыру-10 балл
27 сек -9 лақтыру-9 балл
28 сек -8 лақтыру-8 балл
29 сек -7 лақтыру-7 балл
30 сек -6 лақтыру-6 балл
31 сек -5 лақтыру-5 балл
32 сек -4 лақтыру-4 балл
33 сек -3 лақтыру-3 балл
34 сек -2 лақтыру-2 балл
35 сек -1 лақтыру-1 балл

Лақтыру- алдыңғы табан

Ұлдар
16 сек -16 лақтыру-16 балл
17 сек -15 лақтыру-15 балл
18 сек -14 лақтыру-14 балл
19 сек -13 лақтыру-13 балл
20 сек -12 лақтыру-12 балл
21 сек -11 лақтыру-11 балл
22 сек -10 лақтыру-10 балл
23 сек -9 лақтыру-9 балл
24 сек -8 лақтыру-8 балл
25 сек -7 лақтыру-7 балл
26 сек -6 лақтыру-6 балл
27 сек -5 лақтыру-5 балл
28 сек -4 лақтыру-4 балл

29 сек -3 лақтыру-3 балл
30 сек -2 лақтыру-2 балл
31 сек -1 лақтыру-1 балл

Арқа арқылы лақтыру

Девушки
19 сек- 15 лақтыру-15 балл
20 сек- 14 лақтыру-14 балл
21 сек- 13 лақтыру-13 балл
22 сек- 12 лақтыру-12 балл
23 сек- 11 лақтыру-11 балл
24 сек- 10 лақтыру-10 балл
25 сек- 9 лақтыру-9 балл
26 сек- 8 лақтыру-8 балл
27 сек- 7 лақтыру-7 балл
28 сек- 6 лақтыру-6 балл
29 сек- 5 лақтыру-5 балл
30 сек- 4 лақтыру-4 балл
31 сек- 3 лақтыру-3 балл
32 сек- 2 лақтыру-2 балл
33 сек- 1 лақтыру-1 балл

Алдыңғы табанды орындау кезінде

Қыздар
21 сек- 20 лақтыру-20 балл
22 сек- 19 лақтыру-19 балл
23 сек- 18 лақтыру-18 балл
24 сек- 17 лақтыру-17 балл
25 сек- 16 лақтыру-16 балл
26 сек- 15 лақтыру-15 балл
27 сек- 14 лақтыру-14 балл
28 сек- 13 лақтыру-13 балл
29 сек- 12 лақтыру-12 балл
30 сек- 11 лақтыру-11 балл
31 сек- 10 лақтыру-10 балл
32 сек- 9 лақтыру-9 балл
33 сек- 8 лақтыру-8 балл
34 сек- 7 лақтыру-7 балл
35 сек- 6 лақтыру-6 балл
36 сек- 5 лақтыру-5 балл
37 сек- 4 лақтыру-4 балл
38 сек- 3 лақтыру-3 балл
39 сек- 2 лақтыру-2 балл
40 сек- 1 лақтыру-1 балл

Лақтыру- алдыңғы табан

Қыздар
19 сек- 15 лақтыру-15 балл
20 сек- 14 лақтыру-14 балл
21 сек- 13 лақтыру-13 балл
22 сек- 12 лақтыру-12 балл
23 сек- 11 лақтыру-11 балл
24 сек- 10 лақтыру-10 балл
25 сек- 9 лақтыру-9 балл
26 сек- 8 лақтыру-8 балл
27 сек- 7 лақтыру-7 балл
28 сек- 6 лақтыру-6 балл
29 сек- 5 лақтыру-5 балл
30 сек- 4 лақтыру-4 балл
31 сек- 3 лақтыру-3 балл
32 сек- 2 лақтыру-2 балл
33 сек- 1 лақтыру-1 балл

Максималды саны – 50 балл.
Минималды саны – 5 балл
Ескерту

Шығармашылық емтихандарды тапсыру кезінде:

В004 «Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалар тобы бойынша түсетін талапкерлердің ішінде Қазақстан Республикасы спорт шебері, Қазақстан Республикасы халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері спорттық атақтары бар тұлғалар, тиісті растаушы ресми құжаттары болған жағдайда, шығармашылық емтихандарды тапсырудан босатылады;

В004 «Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалар тобы бойынша түсетін талапкерлер спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы спорт шеберіне кандидат екенін растайтын ресми құжаттары болған жағдайда, сондай-ақ спорт түрлері бойынша I спорттық разряды бар спортшылар «Спорттық ойындар» емтиханы бойынша шығармашылық емтихан тапсырудан босатылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

В004 «Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалар тобына күндізгі қысқартылған оқу нысаны бойынша түсуші талапкерлерге арналған шығармашылық емтихан «Спорт ойындары».

ВОЛЕЙБОЛ.

1. **1 метр диаметрдегі шеңбер бойымен, допты жоғары қағып беру, биіктігі -2метр немесе одан жоғары.** (допты 10 рет беруден 1 рет еркін жөндеуге мүмкіндігі беріледі. Тапсырманы орындау кезінде, шеңбер сызығын басуға болмайды).

Ұлдар/Қыздар:

№	Соққы саны	Сынақ баллы
1	10	10
2	9	9

3	8	8
4	7	7
5	6	6
6	5	5
7	4	4
8	3	3
9	2	2
10	1	1

2. Диаметрі 1 мерт шеңберді, 2 метр биіктікке қойып нұсқаушының тапсырмасымен допты жоғарыдан қағып өткізу. (10-нан) Біріншіден,допты жоғарыдан беру, екіншіден шеңберден допты өткізу. (Бір еркін беруге мүмкіндік беріледі, доп шеңбер доғасынана өткен жағдайда есептелінеді. Содай-ақ, допты беру кезінде айып сызығын басуға болмайды).

Ұлдар/Қыздар:

№	Соққы саны	Сынақ баллы
1	10	10
2	9	9
3	8	8
4	7	7
5	6	6
6	5	5
7	4	4
8	3	3
9	2	2
10	1	1

Максималды саны – 20 балл.
Минималды саны – 5 балл

<u>БАСКЕТБОЛ.</u>

1. Алаңның бұрышынан тұрып, үш шеңберді айнала допты алып жүру. (ортаңғы және екі көмекші). Сондай-ақ, екі жақ шығыршыққа допты салу. (себетке доп түскенше лақтырылуы тиіс). Уақыт козғалған кезден бастап есепке алынып, допты екінші рет шеңберге түсірген кезде тоқтатылады. Жаттығуды орындау техникасы ескеріледі.

Ұлдар	**Қыздар**
17 сек -10 балл	19 сек- 10 балл
18 сек -9 балл	20 сек- 9 балл
19 сек -8 балл	21 сек- 8 балл
20 сек -7 балл	22 сек- 7 балл
21 сек -6 балл	23 сек- 6 балл
22 сек -5 балл	24 сек- 5 балл
23 сек -4 балл	25 сек- 4 балл
24 сек -3 балл	26 сек- 3 балл
25 сек -2 балл	27 сек- 2 балл
26 сек -1 балл	28 сек- 1 балл

2. Айыпты доп лақтыру. (10 рет доп лақтыру)

Бір еркін лақтыруға мүмкіндік беріледі, доп торға түскен жағдайда, лақтыру есепке алынады. Сондай-ақ, доп лақтыру кезінде, айып сызығын баспауы тиіс.

Ұлдар/қыздар
10 соққы -10 балл
9 соққы -9 балл
8 соққы -8 балл
7 соққы -7 балл
6 соққы -6 балл
5 соққы -5 балл
4 соққы -4 балл
3 соққы -3 балл
2 соққы -2 балл
1 соққы -1 балл

Максималды саны – 20 балл.
Минималды саны – 5 балл

ФУТБОЛ.

1. Допты аяқпен жонглерлеу (соққы саны)

Жаттығу ФИФА №4 стандартты добы арқылы орындалады. Жаттығу екі аяқпен кезек-кезек доп тебу арқылы орындалады.
Ұлдар/қыздар:
15 рет - 10 балл;
14 рет – 9 балл;
13 рет – 8 балл;
12 рет - 7 балл;
11 рет – 6 балл;
10 рет - 5 балл;
9 рет – 4 балл;
8 рет – 3 балл;
7 рет – 2 балл;
6 рет – 1 балл;

2. Допты баспен жонглерлеу (соққы саны)

Жаттығу ФИФА №4 стандартты добы арқылы орындалады. Жаттығу баспен доп соғу арқылы орындалады.
Ұлдар/қыздар:
15 рет - 10 балл;
14 рет – 9 балл;
13 рет – 8 балл;
12 рет - 7 балл;
11 рет – 6 балл;
10 рет - 5 балл;
9 рет – 4 балл;
8 рет – 3 балл;
7 рет – 2 балл;
6 рет – 1 балл;

Максималды саны – 20 балл.
Минималды саны – 5 балл

Күрес.

17 секунд ішінде жамбас арқылы лақтыру

Ұлдар
15 рет -10 балл
14 рет - 9 балл
13 рет - 8 балл
12 рет - 7 балл
11 рет - 6 балл
10 рет - 5 балл
9 рет - 4 балл
8 рет - 3 балл
7 рет - 2 балл
6 рет - 1 балл

19 секунд ішінде жамбас арқылы лақтыру

Қыздар
15 рет -10 балл
14 рет - 9 балл
13 рет - 8 балл
12 рет - 7 балл
11 рет - 6 балл
10 рет - 5 балл
9 рет - 4 балл
8 рет - 3 балл
7 рет - 2 балл
6 рет - 1 балл

17 секунд ішінде арқа арқылы лақтыру

Ұлдар
15 рет -10 балл
14 рет - 9 балл
13 рет - 8 балл
12 рет - 7 балл
11 рет - 6 балл
10 рет - 5 балл
9 рет - 4 балл
8 рет - 3 балл
7 рет - 2 балл
6 рет - 1 балл

19 секунд ішінде арқа арқылы лақтыру

Қыздар
15 рет -10 балл
14 рет - 9 балл
13 рет - 8 балл
12 рет - 7 балл

11 рет - 6 балл
10 рет - 5 балл
9 рет - 4 балл
8 рет - 3 балл
7 рет - 2 балл
6 рет - 1 балл

Максималды саны – 20 балл.
Минималды саны – 5 балл

Ескерту
Шығармашылық емтихандарды тапсыру кезінде:

Қазақстан Республикасы спорт шебері, Қазақстан Республикасы халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері спорттық атақтары бар талапкерлер тиісті растаушы ресми құжаттары болған жағдайда, шығармашылық емтихандарды тапсырудан босатылады;

В004 «Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалар тобына түсетін талапкерлер спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы спорт шеберіне кандидат екенін растайтын ресми құжаттары болған жағдайда, сондай-ақ спорт түрлері бойынша I спорттық разряды бар спортшылар «Спорт ойындары» шығармашылық емтихандарын тапсырудан босатылады.

4. Қысқартылған оқыту нысанына (ақылы оқыту нысаны) түсетін ТжКБ түлектеріне арналған әңгімелесу сұрақтары.

I. Кәсіби мотивация және мамандықты таңдау
1. Неліктен «Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы» білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?
2. Бұл мамандықты таңдауға қандай факторлар әсер етті?
3. Болашақ мамандығыңызды қалай елестетесіз?
4. Әскери-педагог маманының қоғамдағы рөлі қандай деп ойлайсыз?
5. Қысқартылған оқу нысанын таңдауыңыздың себебі қандай?
6. Оқуды аяқтағаннан кейін қай салада еңбек етуді жоспарлайсыз?
7. Болашақ кәсіби мақсатыңыз қандай?
8. Патриотизм ұғымын қалай түсінесіз?

II. Бастапқы әскери дайындық бойынша базалық білім
9. Бастапқы әскери дайындық пәнінің мақсаты қандай?
10. Бастапқы әскери дайындық пәнінің білім беру жүйесіндегі орны қандай?
11. Әскери-патриоттық тәрбие дегеніміз не?
12. Әскери тәртіп ұғымын қалай түсінесіз?
13. Жалпы әскери жарғылардың мақсаты қандай?
14. Әскери қызметшінің негізгі міндеттерін атаңыз.
15. Саптық дайындықтың мақсаты қандай?
16. Әскери сәлемдесу тәртібі туралы не білесіз?
17. Тактикалық дайындық дегеніміз не?
18. Шартты тактикалық белгілер не үшін қолданылады?
19. Жергілікті жерде бағдарлау дегеніміз не?
20. Азимут ұғымын түсіндіріңіз.
21. Жеке қорғаныс құралдарына не жатады?
22. Азаматтық қорғаныс туралы не білесіз?
23. Төтенше жағдай кезіндегі алғашқы әрекеттер қандай?
24. Әскери қауіпсіздік талаптарын атаңыз.

III. Қару-жарақ және әскери-қолданбалы дайындық
25. Атыс дайындығының мақсаты қандай?

26. Қару қолданудағы қауіпсіздік ережелерін атаңыз.
27. Автоматты қарудың негізгі бөліктерін атаңыз.
28. Қаруды сақтау және күтіп ұстау талаптары қандай?
29. Нысанаға дәл атудың негізгі шарттары қандай?
30. Әскери-қолданбалы спорт түрлеріне қандай спорт түрлері жатады?

IV. Дене шынықтыру және спорт бойынша базалық білім

31. Дене тәрбиесі дегеніміз не?
32. Дене қасиеттеріне нелер жатады?
33. Күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділік ұғымдарын түсіндіріңіз.
34. Жалпы дене дайындығы дегеніміз не?
35. Арнайы дене дайындығы дегеніміз не?
36. Жаттығу жүктемесі дегеніміз не?
37. Жаттығу алдындағы қыздыру жаттығуларының маңызы қандай?
38. Қалпына келу процесі дегеніміз не?
39. Дене жаттығуларының адам ағзасына әсері қандай?
40. Салауатты өмір салты дегеніміз не?

V. Әдістемелік және педагогикалық дайындық

41. Сабақ жоспары дегеніміз не?
42. Бастапқы әскери дайындық сабағының құрылымын атаңыз.
43. Дене шынықтыру сабағының құрылымы қандай?
44. Оқыту әдістерінің қандай түрлерін білесіз?
45. Көрнекілік әдісі дегеніміз не?
46. Практикалық сабақтарда қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады?
47. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру не үшін қажет?
48. Сабақтағы тәртіпті ұйымдастырудың жолдары қандай?
49. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін қандай әдістер қолдануға болады?
50. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау қалай жүргізіледі?

VI. Практикалық тәжірибе

51. Қандай спорт түрімен айналыстыңыз немесе айналысып жүрсіз?
52. Спорттық жетістіктеріңіз немесе разрядтарыңыз бар ма?
53. Жарыстарға қатысу тәжірибеңіз бар ма?
54. Әскери-спорттық іс-шараларға қатысқан тәжірибеңіз бар ма?
55. Балалармен немесе жастармен жұмыс тәжірибеңіз бар ма?
56. Сабақ немесе жаттығу өткізіп көрдіңіз бе?

VII. Тұлғалық және коммуникативтік қасиеттер

57. Командамен жұмыс жасау сіз үшін нені білдіреді?
58. Конфликт жағдайында қандай шешім қабылдайсыз?
59. Стресс жағдайында өзіңізді қалай ұстайсыз?
60. Көшбасшылық қасиеттеріңізді қалай бағалайсыз?
61. Өз күшті және әлсіз жақтарыңызды атаңыз.
62. Жауапкершілік ұғымын қалай түсінесіз?

VIII. Заманауи технологиялар және кәсіби даму

63. Білім беру процесінде цифрлық технологияларды қалай қолдануға болады?
64. Жасанды интеллект құралдарын оқу процесінде қолдану мүмкіндіктері қандай?
65. Өз кәсіби дамуыңыз үшін қандай бағыттарда жұмыс жасауды жоспарлайсыз?

Қысқартылған оқыту нысанына (ақылы оқыту нысанына) түсетін жоғары оқу орындарының түлектеріне арналған әңгімелесу сұрақтары

I. Кәсіби мотивация және кәсіби бағдар

1. Неліктен «Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы» білім беру бағдарламасы бойынша оқуды жалғастыруды таңдадыңыз?
2. Бұған дейін қандай жоғары білім алдыңыз?

3. Алдыңғы мамандығыңыздың осы білім беру бағдарламасымен байланысы қандай?
4. Қысқартылған оқу нысанын таңдауыңыздың негізгі себебі қандай?
5. Болашақ кәсіби даму мақсатыңыз қандай?
6. Әскери-педагог мамандығының қоғамдағы маңызын қалай бағалайсыз?
7. Қазіргі білім беру жүйесіндегі бастапқы әскери дайындық пәнінің рөлі қандай?
8. Болашақ әскери-педагог қандай кәсіби құзыреттерге ие болуы тиіс?

II. Бастапқы әскери дайындықтың теориялық негіздері

9. Бастапқы әскери дайындық пәнінің мақсаты мен міндеттері қандай?
10. Бастапқы әскери дайындықтың білім беру жүйесіндегі орны қандай?
11. Әскери-патриоттық тәрбие ұғымын қалай түсінесіз?
12. Жалпы әскери жарғылардың мақсаты қандай?
13. Әскери қызметшінің негізгі құқықтары мен міндеттерін атаңыз.
14. Әскери тәртіп ұғымын түсіндіріңіз.
15. Саптық дайындықтың негізгі мақсаты қандай?
16. Тактикалық дайындық дегеніміз не?
17. Шартты тактикалық белгілер не үшін қолданылады?
18. Жергілікті жерде бағдарлау тәсілдерін атаңыз.
19. Азимут ұғымын түсіндіріңіз.
20. Азаматтық қорғаныс жүйесінің негізгі міндеттері қандай?
21. Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс туралы не білесіз?
22. Төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекет алгоритмін түсіндіріңіз.
23. Жеке қорғаныс құралдарының түрлерін атаңыз.
24. Әскери қауіпсіздік талаптарының маңызы қандай?

III. Қару-жарақ және әскери-қолданбалы дайындық

25. Атыс дайындығының мақсаты қандай?
26. Қару қолданудағы қауіпсіздік талаптарын атаңыз.
27. Автоматты қарудың негізгі бөліктерін атаңыз.
28. Қаруды сақтау және күтіп ұстау талаптары қандай?
29. Нысанаға дәл атудың негізгі шарттары қандай?
30. Әскери-қолданбалы спорт түрлеріне қандай спорт түрлері жатады?

IV. Дене шынықтыру және спорттың теориялық негіздері

31. Дене тәрбиесі мен дене мәдениеті ұғымдарының айырмашылығы қандай?
32. Дене қасиеттеріне нелер жатады?
33. Күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік жәнеептілік ұғымдарын түсіндіріңіз.
34. Жалпы және арнайы дене дайындығының айырмашылығы қандай?
35. Жаттығу жүктемесін мөлшерлеудің негізгі принциптері қандай?
36. Дене жаттығуларының ағзаға физиологиялық әсері қандай?
37. Қалпына келу процесінің спорттағы маңызы қандай?
38. Спорттық дайындық құрылымы қандай бөлімдерден тұрады?
39. Функционалдық дайындық дегеніміз не?
40. Салауатты өмір салтының негізгі қағидалары қандай?

V. Педагогикалық және әдістемелік даярлық

41. Бастапқы әскери дайындық сабағының құрылымын атаңыз.
42. Дене шынықтыру сабағының құрылымы қандай?
43. Қысқа мерзімді сабақ жоспары қалай құрылады?
44. Оқыту әдістерінің қандай түрлерін білесіз?
45. Дифференциалды оқыту дегеніміз не?
46. Практикалық сабақтарда қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады?
47. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескерудің маңызы қандай?
48. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру жолдары қандай?
49. Критериалды бағалау жүйесін түсіндіріңіз.
50. Педагогикалық бақылау дегеніміз не?

VI. Ғылыми-зерттеу және инновациялық құзыреттілік

51. Ғылыми зерттеу дегеніміз не?
52. Педагогикалық зерттеудің қандай әдістерін білесіз?
53. Педагогикалық эксперименттің мақсаты қандай?
54. Бақылау әдісінің ғылыми зерттеудегі орны қандай?
55. Статистикалық өңдеудің ғылыми жұмыстағы маңызы қандай?
56. Академиялық адалдық ұғымын түсіндіріңіз.
57. Білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері қандай?
58. Жасанды интеллект құралдарын оқу процесінде қалай қолдануға болады?

VII. Практикалық тәжірибе және кәсіби құзыреттілік

59. Әскери немесе педагогикалық қызмет тәжірибеңіз бар ма?
60. Спорттық жетістіктеріңіз немесе спорттық разрядтарыңыз бар ма?
61. Сабақ немесе оқу-жаттығу сабақтарын өткізу тәжірибеңіз бар ма?
62. Ұжыммен жұмыс жасауда қандай тәжірибеңіз бар?
63. Қиын немесе конфликт жағдайында қандай шешім қабылдайсыз?
64. Өз кәсіби және тұлғалық артықшылықтарыңызды атаңыз.
65. Университетті аяқтағаннан кейінгі кәсіби жоспарыңыз қандай?

ҚР Қарулы Күштері қатарында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген азаматтармен шетелдік азаматтар үшін әңгімелесу сұрақтары (оқытудың ақылы нысаны)

I. Кәсіби мотивация және азаматтық ұстаным

1. Неліктен «Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы» білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?
2. Бұл мамандықты таңдауға қандай факторлар әсер етті?
3. Болашақ кәсіби мақсатыңыз қандай?
4. Әскери-педагог мамандығының қоғамдағы маңызын қалай бағалайсыз?
5. Отанға қызмет ету ұғымын қалай түсінесіз?
6. Патриотизм ұғымын қалай түсінесіз?
7. Болашақ әскери-педагог қандай кәсіби және тұлғалық қасиеттерге ие болуы тиіс?
8. Оқуды аяқтағаннан кейін қай салада еңбек етуді жоспарлайсыз?

II. Әскери қызмет тәжірибесі *(мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарға)*

9. Қай әскери бөлімде және қандай әскери мамандық бойынша қызмет атқардыңыз?
10. Әскери қызмет барысында қандай негізгі міндеттерді орындадыңыз?
11. Әскери тәртіп ұғымын қалай түсінесіз?
12. Қызмет барысында қандай қиын жағдайларға тап болдыңыз?
13. Стресс жағдайында шешім қабылдау тәжірибеңіз туралы айтып беріңіз.
14. Командирдің бұйрығын орындаудың маңызы қандай?
15. Әскери ұжымда жұмыс істеудің ерекшеліктері қандай?
16. Әскери қызмет Сіздің тұлғалық дамуыңызға қалай әсер етті?

III. Бастапқы әскери дайындықтың теориялық негіздері

17. Бастапқы әскери дайындық пәнінің мақсаты мен міндеттері қандай?
18. Жалпы әскери жарғылардың мақсаты қандай?
19. Әскери қызметшінің негізгі құқықтары мен міндеттерін атаңыз.
20. Саптық дайындықтың мақсаты қандай?
21. Тактикалық дайындық дегеніміз не?
22. Шартты тактикалық белгілер не үшін қолданылады?
23. Жергілікті жерде бағдарлау тәсілдерін атаңыз.
24. Азимут ұғымын түсіндіріңіз.
25. Азаматтық қорғаныс жүйесінің негізгі міндеттері қандай?
26. Төтенше жағдай кезінде алғашқы әрекеттер қандай болуы тиіс?
27. Жеке қорғаныс құралдарының түрлерін атаңыз.

28. Радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс туралы не білесіз?

IV. Қару-жарақ және әскери-қолданбалы дайындық

29. Атыс дайындығының мақсаты қандай?
30. Қару қолданудағы қауіпсіздік ережелерін атаңыз.
31. Автоматты қарудың негізгі бөліктерін атаңыз.
32. Қаруды сақтау және күтіп ұстау талаптары қандай?
33. Нысанаға дәл атудың негізгі шарттары қандай?
34. Әскери-қолданбалы спорт түрлеріне қандай спорт түрлері жатады?

V. Дене шынықтыру және спорт саласындағы білім

35. Дене тәрбиесі дегеніміз не?
36. Дене қасиеттеріне нелер жатады?
37. Күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік жәнеептілік ұғымдарын түсіндіріңіз.
38. Жалпы және арнайы дене дайындығының айырмашылығы қандай?
39. Жаттығу жүктемесін мөлшерлеудің негізгі принциптері қандай?
40. Дене жаттығуларының адам ағзасына әсері қандай?
41. Қалпына келу процесі дегеніміз не?
42. Салауатты өмір салтының негізгі қағидаларын атаңыз.

VI. Педагогикалық және әдістемелік даярлық

43. Бастапқы әскери дайындық сабағының құрылымы қандай?
44. Дене шынықтыру сабағының құрылымын атаңыз.
45. Оқыту әдістерінің қандай түрлерін білесіз?
46. Практикалық сабақтарда қауіпсіздікті қалай қамтамасыз етуге болады?
47. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескерудің маңызы қандай?
48. Сабақтағы тәртіпті ұйымдастырудың жолдары қандай?
49. Білім алушылардың оқу мотивациясын қалай арттыруға болады?
50. Педагогикалық бақылау дегеніміз не?

VII. Шетелдік азаматтарға арналған қосымша сұрақтар

51. Неліктен Қазақстан Республикасында білім алуды таңдадыңыз?
52. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі туралы не білесіз?
53. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін атай аласыз ба?
54. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы не білесіз?
55. Қазақстан қоғамына бейімделу үшін қандай қадамдар жасадыңыз?
56. Қазақстанда алған біліміңізді болашақта қалай пайдалануды жоспарлайсыз?

VIII. Тұлғалық және кәсіби құзыреттілік

57. Өзіңіздің күшті және әлсіз жақтарыңызды атаңыз.
58. Көшбасшылық қасиеттеріңізді қалай бағалайсыз?
59. Командамен жұмыс істеу сіз үшін нені білдіреді?
60. Конфликт жағдайында қандай шешім қабылдайсыз?
61. Қиын немесе төтенше жағдайда өзіңізді қалай ұстайсыз?
62. Өз кәсіби біліміңізді жетілдіру үшін қандай бағыттарда жұмыс жасайсыз?
63. Заманауи цифрлық технологияларды білім беру процесінде қалай қолдануға болады?
64. Жасанды интеллект құралдарын оқу процесінде қолдану мүмкіндіктері қандай?
65. Болашақта өзіңізді қандай маман ретінде елестетесіз?

B004 «Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламалар тобы бойынша әңгімелесу нәтижелерін БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Әңгімелесу барысында талапкердің кәсіби мотивациясы, әскери-педагогикалық бейімділігі, бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мен спорт саласындағы теориялық дайындығы, коммуникативтік қабілеті, аналитикалық ойлауы, азаматтық

ұстанымы, көшбасшылық қасиеттері және болашақ маман ретінде кәсіби әлеуеті кешенді түрде бағаланады.

Балл	Бағалау критерийлері
95–100	Талапкер әңгімелесу сұрақтарына толық, нақты, жүйелі, ғылыми-әдістемелік деңгейде жауап береді; бастапқы әскери дайындықтың теориялық негіздерін, жалпы әскери жарғыларды, тактикалық дайындықты, әскери қауіпсіздік талаптарын, қару-жарақпен жұмыс істеу қағидаларын, дене шынықтыру және спорт теориясын, оқыту әдістемесін терең меңгергенін көрсетеді; кәсіби терминологияны еркін және орынды қолданады; ойын анық, сауатты және сенімді жеткізеді; нақты әскери-педагогикалық, спорттық және өмірлік мысалдар келтіреді; кәсіби мотивациясы жоғары, азаматтық ұстанымы айқын; қосымша сұрақтарға толық әрі дәлелді жауап береді; аналитикалық ойлау, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеті анық көрінеді.
90–94	Сұрақтарға мазмұнды, жүйелі және сенімді жауап береді; әскери даярлық, дене шынықтыру және спорт саласындағы теориялық білімі жоғары; кәсіби ұғымдар мен терминдерді дұрыс қолданады; әскери-педагогикалық және спорттық жағдаяттарды талдай алады; кәсіби мотивациясы анық; қосымша сұрақтарға дұрыс жауап береді, кейбір жауаптарда талдау тереңдігі аздап жеткіліксіз болуы мүмкін.
85–89	Негізгі сұрақтарға дұрыс әрі толыққа жақын жауап береді; теориялық дайындығы жақсы; әскери және спорттық-педагогикалық ұғымдарды меңгерген; ойын жүйелі жеткізеді; практикалық мысалдар келтіреді; кәсіби бағыттылығы қалыптасқан; болмашы дәлсіздіктер кездесуі мүмкін.
80–84	Сұрақтарға жеткілікті деңгейде жауап береді; базалық теориялық білімі қалыптасқан; бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру саласының негізгі ұғымдарын түсіндіре алады; кәсіби терминдерді қолдануда аздаған дәлсіздіктер болуы мүмкін; қосымша сұрақтарға жауап беру кезінде кідіріс байқалады.
75–79	Сұрақтарға жауап береді, бірақ жауаптарында талдау мен дәлелдеу деңгейі жеткіліксіз; теориялық білім бар, алайда практикалық мысалдар аз; кейбір сұрақтарға толық жауап бере алмайды; сөйлеу барысында сенімсіздік байқалады.
70–74	Сұрақтарға жалпы сипатта жауап береді; негізгі түсініктерді біледі, бірақ жүйелі талдау жеткіліксіз; әскери немесе педагогикалық жағдаяттарды кәсіби тұрғыдан түсіндіруде қиындық байқалады; кәсіби мотивация толық ашылмайды.
65–69	Теориялық білім деңгейі ортадан төмен; жауаптары қысқа, толық емес; кәсіби терминдерді қолдануда қателіктер кездеседі; логикалық байланыс әлсіз; қосымша сұрақтарға жауап беруде қиындық көреді.
60–64	Сұрақтардың көпшілігіне толық жауап бере алмайды; бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру саласының негізгі ұғымдарын түсіндіруде қиналады; сөйлеу белсенділігі төмен; кәсіби дайындық деңгейі жеткіліксіз.
50–59	Жауаптары үстірт, жүйесіз және дәлелсіз; теориялық дайындығы әлсіз; кәсіби терминологияны қолдануы төмен; сұрақтардың едәуір бөлігіне нақты жауап бере алмайды.
0–49	Талапкер сұрақтарға жауап беруде елеулі қиындық көреді; негізгі әскери, педагогикалық және кәсіби ұғымдарды меңгермеген; кәсіби мотивациясы байқалмайды; сөйлеу мәдениеті, логикалық ойлауы және жалпы дайындық деңгейі талапқа сәйкес емес.

БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Талапкерлердің білімі төмендегідей бағаланады:

Бағалау			
әріппен	баллмен	пайызбен	Дәстүрлі жүйе бойынша
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

ББББ жетекшісі _____ С.Ж. Бахтиярова